

Бекітемін :

Мектеп директорының у.м.а.: Абишева Г.К.



Шеңгелші негізгі орта мектебі атындағы негізгі орта мектебінде құрылған

«Қоғамға қызмет» волонтерлар ұйымының

2024 – 2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

Іс – шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі
✚ «Birgemiz: Qamqor» акциясы (қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы	Көмек көрсету акциясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Қыркүйек
✚ «Birgemiz: Taza Alem» акциясы (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.)	Акция	Волонтер жетекшісі	Қыркүйек
✚ «Мейірімділік ошағы» акциясы (күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету) «Қамқор» жобасы	Акция	«Қамқор» жобасының жетекшісі Волонтер жетекшісі	Қазан
✚ Қарттарымыз – қазынамыз!	Құттықтау	Волонтер жетекшісі	Қазан
«Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты!» ✚ (барлық білім беру ұйымдарында құрылған волонтерлар клубының бейнероликтер байқауы)	Бейнеролик байқауы	Волонтер жетекшісі Тәлімгер	Қараша
Қар тазалау	Көмек көрсету	Волонтер жетекшісі	Желтоқсан
«Мен - еріктімін» элеуметтік желідегі фотоконкурс	Фотоконкурс	Волонтер жетекшісі	Қаңтар
«Fast Food» ұйымдастыру	Жәрмеңке	Волонтер жетекшісі	Ақпан
«Аналарға мың тағзым!»	Құттықтау рәсімі	Волонтер жетекшісі	Наурыз
Ағаш отырғызу Тазалық күні	Көгалдандыру жұмысы	Волонтер жетекшісі Тәлімгер	Сәуір
«Ерікті болу - ерлік» облыстық еріктілер слеті (жыл қорытындысы, үздік еріктілерді, үздік еріктілер клубтарын марапаттау)	Марапаттау рәсімі	Волонтер жетекшісі Тәлімгер	Мамыр

Шеңгелши негізгі орта мектебінің 2024-2025 оқу жылының

волонтер ұйымының жұмыс жоспарының жылдық

ЕСЕБІ

Қыркүйек айында «**Birgemiz: Qamqor**» акциясы. **Мақсаты:** «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсете білу кекрек екенін түсіндіру. Қолдан келгенше көмек көрсету.

Қыркүйек айында «**Birgemiz: Qamqor**» акциясы *(қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету)* өткізілді. Акцияға 5-9 класс оқушылары қатысты. Оқушылар белсенді түрде қатысты. Ауыл қарттарына көмек көрсете отырып, қариялардан баталарын алған болатын. Басты мақсат оқушыларға үлкенге құрмет көрсете білу керек екенін ұғындыру. Қарттарымыз риза болып, ізгі, жылы лебіздерін білдірді.

Қазан айында «**Мейірімділік ошағы**» акциясы

Мақсаты: күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету.

Қазан айында волонтер ұйымының жұмыс жоспары бойынша волонтер мүшелері көпбалалы отбасыға көмек көрсеткен болатын. Волонтер мүшелерінің барлығы белсене қатысып, қолдан келегн көмектерін аямады. Қыз балалар үй ішін жинасуға, ер балалар үйдің ауласын жинауды қолға алды. Оқушылар алғыстарын алып, жылы лебіздерімен бөлісті. Волонтер мүшелерімен қатар Қамқор жобасының жетекшісі де қатысқан болатын. Оқушыларға басты мақсат туралы түсініктеме берілді.

Қазан айында «**Қарттарымыз – қазынамыз!**» атты құттықтау

Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. Қарттарды құрметтеп, қадірлеуге дәріптеу.

1 қазан қарттар күніне орай «Қарттарымыз –қазынамыз!» атты ауыл қарттарын құттықтауы өткізілді. Әр класс өзіне берілген ауыл қарттарына сыйлықтарын тарту етіп, жүрек жарды тілектерін білдірген болатын. Қарттарымыз оқушыларға жылы лебіздерін білдіріп, баталарын ерді. Оқушыларға қарттарымызды қадірлеуге, әрдайым құрмет көрсетуге дәріптеу.

Қараша айында «Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты!» атты бейнеролик байқауы.

Мақсаты: Қайырымды, мейірімді болуға, тәрбиелеу.

Қараша айында мектебімізде «Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты!» атты бейнеролик байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 5-9 класс оқушылары белсенді түрде қатысты. Әр класс өздерінің креативті ойласуларына қарай қайырымдылық жасағандарын бейнероликке түсіріп, сайысқа түскен болатын. Барлық бейнеролик бір уақытта инстаграм желісіне салынды. Басты шарт лүпіл әділ ешқандай құқықбұзушылықсыз дауыс берілуі. Дауыс беру екі күннен кейін тоқтатылды. Ең көп дауыс жинаған класс және де барлық қатысқан класс оқушылары да марапатталды. Қайырымдылық жасау кез-келген адамның қолынан келеді, тек қана ниет болса – деп осылай оқушылар өз ойларын білдірді.

Желтоқсан айында қар тазалау, көмек көрсету. **Мақсаты:** оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Желтоқсан айында волонтер ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес қар тазалау, көмек көрсету ұйымдастырылды., Волонтер ұйымының мүшелері мектеп ауласын тазалайтын апайларға көмек көрсетуге ұсыныс тастады. Мектеп ауласындағы қарды тазалап, алғыс алған болатын. Игі іс жасау әрбір жанның қолынан келетін дүние. Апайлар ризашылықтарын айтып, жылы лебіздерін білдірді.

Қаңтар айында «Мен еріктімін!» атты фотосурет көрмесі

Волонтерлар жасаған игі істерінің фотосуреттерін жинақтап, көрме ұйымдастырды. Бұл көрме басқа оқушыларға үлгі ретінде ұсынылды. Басқа оқушыларға да мотивация және үгі болады.

Ақпан айында «**Fast Food**» жәрмеңке ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Оқушыларды қаржылық сауаттылықтарын арттыру, еңбекке баулу.

Жәрмеңкеде оқушылар өзінің жақсы көріп жасайтын тағамдарын алып келді. Сол жерде өз бағаларын қойып, қаржылық сауаттылықтарын арттыруға себеп болған. Қаржылық сауаттылықпен қатар кәсіпкерлікке қазірденбастап үйрене отырып, еңбектене білуді дағдыландыру.

Наурыз айында «**Аналарға мың тағзым!**» атты құттықтау рәсімі өткізілді. **Мақсаты:** ана мен бала арасындағы сезімді одан әрі нығайту.

Әр класс өз идеяларына байланысты өз аналарыын мерекерелерімен құттықтады. Кейбірі қоңырау шалып құттықтаса, кейбір оқушылар аналарына арнап ашық хат жазған болатын. Осылайша аналарына деген сезімдерін білдіртті.

Сәуір айында **ағаш отырғызумен** қатар, тазалық жұмыстары жүргізілді. Мектеп бітіруші түлектермен бірлесе отырып, көгалдандыру жұмысы да жүргізілді.

Мамыр айында «**Ерікті болу – ерлік**» марапаттау рәсімі өткізілді. **Мақсаты:** Жыл бойы белсенділік танытқан волонтерлар марапатталып, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Мектеп директоры:



Г.К.Абишева

Волонтер ұйымының жетекшісі:

Ж.А.Турешова